

Сотталғандар үшін негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № а-12/495 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қаңтарда № 3939 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № а-1/54 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 06.02.2015 № а-1/54 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабының 1 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Сотталғандар үшін негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары **Ә.Қ.Күмпекеевке** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі **М.Тақамбаев**
2013 жылғы 09.12. № а-12/495
Степногорск қаласы әкімдігінің
қаулысына қосымша

Сотталғандар үшін негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстардың түрлері

1. Аумақты мұздан тазарту.
2. Аумақты қардан тазарту.
3. Аумақты қоқыстан тазарту.

4. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.
 5. Аумақты арам шөптерден тазарту.
 6. Отырғызу, ағарту, ағаштарды кесу.
 7. Қоршауларды жөндеу және бояу.
 8. Ғимараттарды ақтау, бояу.
 9. Гүл кумбаларын бөлу.
 10. Көгалды қайта қазу.
11. Құрылыс қоқыстарын жинау.